

2006
№4(94)

ISSN 1563-0269
Индекс 75878; 25878

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК


ФИЛОЛОГИЯ
СЕРИЯСЫ

СЕРИЯ
ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

АЛМАТЫ

№4 (94)

2006



ҚАЛМАҚ ЖЕРІНДЕ ТҰРАТЫН ҚАЗАҚТАР ТІЛІНДЕ ҰШЫРАСАТЫН КЕЙБІР ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР МЕН МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР ХАҚЫНДА

В статье рассматриваются фразеологизмы и пословицы языка казахов, проживающие на калмыкской земле

Қазақ тіл білімінің алғашқы, көрнекті ғалымдарының бірі, академик І.Кенесбаевтың сөзімен айтқанда сөз байлығын тексеретін тіл білімі саласын лексикология дейтін болсақ, фразеологизм байлығын тексеретін саланы фразеология деп атау әбден орынды дей келе, есімдері мәшһүр ориенталист ғалымдар – М.О.Әуезов, С.Е.Малов, Н.В.Юшманов кезінде осы мәселе жөнінде өте құнды пікірлер білдірген еді – дейді, өзінің «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» атты еңбегінде (Алматы, 1977, 589-б.). Мақал-мәтелдермен барабар жоғары бағаланып, халқымыз орынды пайдаланып келеді. Соңғы кездері фразеология саласында бірқатар еңбектер жарық көрді және бұл салада кандидаттық, докторлық диссертациялар да қорғалып келеді. Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің теориялық мәселелерін жан-жақты қарастырып, біраз ілгері дамып келе жатқандығының куәсі болып жүрміз. Фразеологизмдер сияқты мақал-мәтелдер де әбден қалыптасқан, орныққан, орны бекем болады. Фразеологизмдердің мағыналары астарлы бейнелеу мәнде келсе, мақал-мәтелдердің көпшілігі игі қасиеттерге үндеу, уағыздау сипатында болады. Мақал-мәтелдерге қарағанда фразеологизмдер сан жағынан өте шектеулі келеді. Көпшілігінде екі, я үш-төрт сыңарлы болып келеді. Мысалы: қолы тар, қолы жіпсіз байланды, қол-аяғы балғадай, біреудің қолымен от көседі т.б. Құрамы жағынан фразеологизмдерге мақалдан гөрі мәтелдер бір табан жақын келеді. Мақал белгілі бір ұғымды тікелей білдірсе, мәтел белгілі бір ұғымды жанамалап, тұспалдап айтады. Мысалы: ат аунаған жерде жүк қалады; кісідегінің кілті аспанда; сүйгенін шұнағым дейді; ит үреді керуен көшеді т.б. Еділ бойы қазақтарының және Қалмақ жерінде тұратын қазақтардың тілінде кездесетін тұрақты тіркестердің құрамындағы сөздердің жеке алғанда мағынасы түсінікті болып келетіндері де, сөйленісте жеке қолданылмайтындары да кездеседі. Олардың кейбіреуінің мағынасы – күңгірт, түсініксіз болып келеді. Мысалы: емешесі кұру (еңсесі

кұру), мажыра болу (жайбарақат), мігіріш ету (келісу), таупиықты болу (табысты болу, бақытты болу) сияқты тіркестерді келтіруге болады. Мұндағы емеше, мажыра, мігіріш, таупиық, сияқты сөздердің мағынасы жеке алғанда түсініксіз тәрізді. Бірақ бұл сөздер жалпы түркі тілдерінің лексикалық байлығында не байырғы, не шеттен енген сөз ретінде кездесуі мүмкін. Мысалы жоғарыдағы мажыра парсы тілінен ауысқан (мажыра – орындалған, жайбарақат) деген сөзбен тәркіндес болса, таупиық та сол парсы тілінен енген (тоуфиг – табыс, жәрдем) сөз. Сол сияқты мігіріш ету тіркесіндегі мігіріш сөзі орыс тіліндегі магарыч (угощение, выпивка, при завершении сделки) сөзімен байланысты.

Енді біраз жеке алғанда мағынасы түсінікті, бірақ қолданылу реті әдеби тілден ерекшелену сөздермен келген тіркестерге мысал келтірейік: азабы сіңу – еңбегі сіңу. Қажымұқан азабы сіңген адам ғой. Ақ адалын айту – бар шынын айту, ағынан жарылу. Ол ақ адалын айтып отыратын кісі. Ақтан қаптап жіберу – ит терісін басына қаптау. Келсінші өзі мен оны ақтан қаптап жіберейін. Ауа жайлы болу – жүкті болу. Моңғолдың қызы ауа жайлы болып, ұл туыпты. Ауыз алу – ауыз тию. Тамақ жерде алдымен қарт кісі ауыз алады. Ашып кұю – тағы кұю. Шәйді ішіп болған кісіге кейде кесені ашып кұяды. Басына тарақан кіру – мас болу. Мұның басына тарақан кіріп тұр ғой. Безбенмен қарау – байқау, анық-қанығына жету. Халықтың аузындағы әңгіме, оны безбенмен қара. «Безбенге (таразыға) салып өлшеу» дегеннің ауыс мағынасы. Бет сипау – бата оқу. Жетісіне бет сипай келді. Беті кері қарамау – оңбау. Түрмені мақтаған кісінің, тіпті, беті кері қарамасын! Беті пісу – беті кұю, ұялу, қызару. Қайнағаның атың атаймын деп, қайғырып қалдым, бетім пісіп. Бой жету – қартаю, үлкею. Бой жеттім, қарағым, сексеннің екеуіне келдім. Бір деп білмеу – еш білмеу. Оны бір деп білмейді. Бір зат жүгіру – миына бір нәрсе кіру, ақыл кіру. Өскен сайын бір зат жүгіреді. Дінкесі кұру – жақсы болу. Ол келсе мәз болып, дінкелері кұрып қалады.

Ескек шалу – ескек есу. Ескегінді оксатып шал. Жел қуалау – ықтау. Қойлар, жел қуалап кетіп қалған. Жанын сынау – аяу. Ой, бұл адам жанын сынайды деп күледі жұрт. Жетісіп қалу – жетіліп қалу, жазылу. Түйенің табанына көн салып тігіп тастаса, бір аптада жарасы жетісіп қалады. Жүректі қырку – көңілге тию. Қой, айналайын, үйгіп жүректі қырықпа! Зәресі таяқтай болу – зәресі қалмау. Зәресі таяқтай болды жиналыстан шыққанда. Кері қайталау – қайталау, қайта айту. Ұқпадым, кері қайталаңыз. Киіп қалу – жеп кою, мойнына мінгізіп алу. Ләпкеші бес мың мәнәт киіп қапты. Көп киіну – әдемі киіну. Көп киінбе, су болып былғайсың. Күніге тұру – ештеп күнелту. – Қалай аман тұрасың ба? – Ия, күніге тұрамыз. Күркелі болу – бейбас болу, тентек болу. Күркелі болды ғой бұл бала. Қайырлы жасың болсын – жасың ұзақ болсын, дәу бол! Қарқ ету – камтамасыз ету. Қараөзен Таловканы қарқ етеді. Қарсы болу – кездесу. Ар жағынан келіп тұр екен, жырада қарсы болдық. Қыдырғалиға қарсы болғанда, ол үскіртетін еді әңгімені. Қас салу – түр салу. Киізге қас салғанда, көркем болады. Қасқасы қайнау – соры қайнау. Оқу оқымай қасқасы қайнап жүр ғой оның. Қамшы табу – ретін табу, жолын табу. Қонаққа шақырсаң, қамшысын тауып қашып кетеді. Құлдық айту рахмет айту. – Мейрамың құтты болсын! – Құлдық айтам! дастарханың болсын! – дастарханың мол болсын! Мал тарбиалау? – мал бағу. Мал тарбиалаған шабанның еңбегі бар адам ғой. Мәсіл түру – мәсі тігу. Байы етікші болса, катыны мәсіл тұрады. Мүйізі сырқырау – бүйрегі бұру. Біз дегенде олардың да мүйізі сырқырайды. Әдеби тілдегі «Таудағы бұғының мүйізін ұрсаң, даладағы сиырдың мүйізі сырқырайды» деген мәтелмен салыстыруға болады. Обып кету – құртып кету. Бір тас шай ішесің, еш болмаса да обып кетпейсің ғой. Өтірік кую – өтірік айту. Ой, ол өтірік күйіп отыр. Сабакпен сөйлеу – кезегімен сөйлеу. Сабакпен сөйлендер, бәрін бірдей айқайламай. Салқын түру – суық болу. Үйде салқын түр, жап есікті! Салып кою – ішіп кою. Ал, салып қойыңыз, шайыңызды! Сау болсын айту – рахмет айту. Мен өз кемшілігімді айтқан достарыма «Сау болсын» айтам. Саяқ болу – жеке жүру. Апырмай саяқ боп кетіпті. Әдеби тілде саяқ жүру. Саяқ жүрген – таяқ жер. Сыбай болу – бірге, қатар, көрші болу. Онымен бір-екі жыл сыбай болсаң көрер едім. Табысқа шығу – жалақы алу. Тайлағы үрікпеу – қорықпау,

ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы, №4(94). 2006

жиіркенбеу, шошынбау. Біз шошқаның етің жей береміз, оған тайлағымыз үрікпейді. Таңы жыртылу – таңғалу. Менің оған таңым жыртылып отыр. Тас соғу – кесек кую, кірпіш кую. Олар тас соғып отыр. Жәйт дегенде – әні-міні дегенше, ә дегенше. Жәйт дегенде апарып тыстайды, мынау тұрған жер Түк шығу – бір нәрсе шығу. Любобойнан түк шығады. Уақыт ету – өлу, қайту. Бір емескі хабар естідім, о кісі уақыт етті деп. Іңкәл жазу – нан жаю. Іңкәл жазғанша карта ойнай тұрайық. Шек тарату – шер таркату. Ой, былай шек тараттық қой о кісімен. Құла ішінің шегін таратып алды ғой. Іріп кету – тарап кету. Балықшылар қарағөзді аулайтын кезде іріп кетеді.

Біз жоғарыда есім мен етістік сөздерден жасалған тіркестерді келтірдік. Сонымен қатар сөйленісте анықтауыш – анықталғыш ретінде жасалған тіркестер де кездеседі. Олар мыналар: Ақ кісі – ақ көңіл кісі. Ақ кісі ме, сұм кісі ме? Бек рақмет – көп рахмет. Бір қырын – қыңыр. Ол бір қырын бала өзі. Бір көрме – бір көрген. Бір көрмеге жан берме. Дүние емес – еш нәрсе емес. Аман-сау апарып тастаса, дүние емес қой. Екінші гәрі – енді гәрі. Келесің бе, екінші гәрі келмейсіңіз бе, өзіңіз білесіңіз. Жатыс күн – демалыс күн. Тойлар жатыс күні жасалады. Жер азаматы – нағыз жігіт. Төлен жер азаматы еді ғой. Көріс айт – наурыз айт. Көріс айтта кісілер міндетті түрде екі қолмен алақандарын тиістіріп амандасады. Мәнәт жарым – бір жарым сом. Бәсі мәнәт жарым болыпты. Не оқа бар? – онда тұрған не бар? Әдеби тілдегі еш оқасы жоқ деген тіркесті салыстыруға болады. Тәнім салқын – денім сау емес. Менің де тәнім салқын, ауырып қала беремін. Түк етер – таңдаулы. Түк етер азаматын әкеп қояды, етті сол тұрайды.

Бұл тіркестер бір қарағанда түсінікті және тілдің жалпы нормасына сәйкес болып көрінгенімен, әдеби тіліміздің қалыптаса бастаған, баршамызға ортақ нормасы тұрғысынан белгілі бір дәрежедегі ауытқу, сөйленістегі қазақтар тіліне ғана тән ерекшеліктер болып есептелінеді. Бұл ерекшеліктер кейде сол өлкеден шыққан әдебиет қайраткерлерінің журналистерінің тілі арқылы жазба әдебиетіміздің ортақ дүниесіне де айналып жатады. Бұл, әрине, тіл дамуындағы заңды процестер. Тілдік қорымызды байытудың негізгі жолы – бір кезде тілімізде, ана тілімізде болған, кейін келе ұмытылып, қазіргі кезде мүлде

қолданылмай жүрген байырғы қазақ сөздерін қайта тірілткен жөн.

Енді аталған сөйленісте кездескен бірер мақал-мәтелдер жайында: «Қарлық кіріп жатыр, жарлық (мұқтаждық) шығып жатыр». «Ер әйел азығы, әйел ердің қазығы», «Қойсыз үйдің күні жоқ, әйелсіз ердің күйі жоқ», «Есентемір адайсын көршінменен қалайсың», «Ас берсең аулы алысқа бер», «Кімнің елінде жүрсең, соның жырын жырла», «Ашудың алдында тұрма, ақылдың артында қалма», «Таудағы бұғының мүйізін ұрсаң, даладағы сиырдың мүйізі сырқырар», «Саяқ жүрген, таяқ жер», «Өзек жағалағанның өзегі талмас», «Сөздің көркі мақал, дүздің көркі сақал», «Қырдағылар теңіз дейді, теңіздегілдер не іздейді», «Әркімнің үйренген жері мысыр», «Қаз баласы төмен қарамайды, доңыздың баласы жоғары қарамайды», «Он мәнәтін болғанша, жаныңда он досың болсын», «Байсыз қатын – баусыз оймақ», «Дастарқансыз ішкен ас, қалыңсыз қызбен тең», «Ет қанды болса, жігіт әлді болады», «Көп жүрсең, ешкі үйткенді көресің», «Тойдан томалағы қызық», «Алдын ойласаң, аш болмассың», «Иттің боғы бір қылшықсыз

болмайды», «Жаман қой сегінде қартаяды», «Білгенге дыр, білмегенге жыр», т.б.

Соңғы кездері фразеологизмдердің, сонымен қатар мақал-мәтелдердің құрылымын өзгертіп, творчестволық шеберлікпен өңдеп, ақын-жазушыларымыз олардың бейнелегіштік қасиетін арттыру мақсатымен өз мүмкіндіктерін барынша пайдалануға тырысушылығы байқалады. Кен байтақ Қазақстанның, оған қоса көрші елдерде тұратын қазақтардың тілінде бізге әлі белгісіз қаншама сөздер бар. «Кен байлығы жерде, сөз байлығы елде» демекші, әліміздің келгенінше сол байлықты жинап-теріп, бұлардың көбін әдеби тіліміздің игілігіне жаратуға әбден болатындығын тәжірибе көрсетіп жүр.

1. Кенесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. - Алматы, 1977.
2. Қайдар Ә. Халық даналығы. - Алматы, 2004.
3. Болғанбаев Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. - Алматы, 1997.
4. Журнал ҚазҰУ «Хабаршы» филология сериясы № 4 (86). - Алматы, 2005.
5. Тасымов А. Туған тілдің бір бұтағы. - Алматы, 1995.

Шойбеков Р.Н.

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕ УӘЖДІЛІК МӘСЕЛЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Статья посвящена истории изучения номинации в казахском языкознании

Зерттеп отырған тақырыбымыз қолөнеріне байланысты атаулар болғандықтан, ол атаулардың қалай қойылғанын, не себептен, неге сүйеніп қойылғанын анықтау үшін уәж (мотив), уәжділік (мотивация) мәселелері тұрғысынан қарастыруымыз керек. Өйткені қолөнеріне байланысты атаулардың басым көпшілігі тілде бұрыннан бар сөздер негізінде жасалатындықтан, олардың қыр-сыры, мән-мағынасы, атау беру, ат қою сияқты мәселелер тіл тарихымен астасып жатады.

Кез келген халықтың материалдық және рухани мәдениеті сол халықтың тілінде таңбаланады. Демек, қолөнеріне байланысты заттарға, құрал-саймандарға, әдіс-тәсілдері мен шикізаттарына ат қоюдағы ерекшелікті тілдің өзінен, оның тілдік құрылымынан іздеуіміз қажет. Белгілі бір уәжге байланысты қойылған атаулар – халықтың мәдениетінің, психологиясының, дүниетанымының көрінісі.

Қазақ тіл білімінде уәж, уәжділік мәселелеріне қатысты зерттеулер кең көлемде жүргізіліп келе жатыр. Бұл ретте Ә.Қайдар, М.М.Копыленко, Б.Қалиев, Ж.Манкеева, А.Салқынбай, Ү.Б.Әділбаева, Ә.Б.Алмауытова т.б. зерттеушілердің еңбектеріндегі уәж, уәжділік туралы пікірлері мен тұжырымдары мысал бола алады.

Тіл білімінде уәжділікті жеке пән ретінде бөлу туралы 1973 жылы М.М.Гинатуллин сөз қозғаған болатын. Уәжділік – лексикологияның сөз бен заттың арасындағы ат беру сәтіндегі байланысты зерттейтін бөлімі.

Қазақ қолөнеріне байланысты атауларға зер салсақ, олардың уәжі мен аталушы нысан арасындағы байланыс атаудың құрылымдық және мағыналық үлгілерінде (модель), ат қою уәждерінде орын алады. Бұл атаулардың пайда болуы, даму тарихы халқымыздың тарихи-мәдени өмірімен ұштасып,